ISSN 2079-620X

# Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕҰУ ХАБАРШЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКА СЕРИЯСЫ

# ECONOMIC SERIES OF THE BULLETIN OF THE L.N. GUMILYOV ENU

# ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СЕРИЯ ВЕСТНИКА ЕНУ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

**№ 2•2018**

2010 жылдан бастап шығады
Founded in 2010
Издается с 2010 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2018
Astana, 2018

*Бас редакторы*
**С.Б. Мақыш**
э.ғ.д., профессор (Қазақстан)

*Бас редактордың орынбасары* **А.М. Бакирбекова**, э.ғ.к., доцент (Қазақстан)

*Редакция алқасы*

| | |
|---|---|
| **Алибекова Б.А.** | э.ғ.к. (Қазақстан) |
| **Байжолова Р.А.** | э.ғ.д., проф.(Қазақстан) |
| **Бейсенова Л.З.** | э.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Егембердиева С.М.** | э.ғ.д. (Қазақстан) |
| **Керімбек Ғ. Е.** | э.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Кемел М.** | проф., э.ғ.д. (Қазақстан) |
| **Кирдасинова К.А.** | э.ғ.к., доцент (Қазақстан) |
| **Кучукова Н.К.** | э.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Мадиярова Д.М.** | э.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Майдырова А.Б.** | э.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Муталиева Л.М.** | э.ғ.к., доцент(Қазақстан) |
| **Никифорова Е.В.** | проф.(Ресей) |
| **Санг Кю Ли** | проф.(Оңтүстік Корея) |
| **Сембиева Л.М.** | э.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Сидорович А.В.** | э.ғ.д., проф. (Ресей) |
| **Сыздыкбаева Б.У.** | э.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Толысбаев Б.С.** | э.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Урузбаева Н.А.** | э.ғ.д., проф. (Қазақстан) |
| **Шалболова У.Ж.** | э.ғ.д., проф. (Қазақстан) |

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ. Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_econom@enu.kz

*Жауапты хатшы, компьютерде беттеген:*
Д. Байтлесова,

**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысының экономика сериясы**
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен тіркелген. 18.02.14ж.
№ 14171-Ж -тіркеу куәлігі
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 15 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі,13/1,
тел.: (7172)709-500 (ішкі 31432)

**© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

***Editor-in-Chief***
**S.B. Makysh**
Doctor of Economic Sciences, Professor (Kazakhstan)

***Deputy Editor-in-Chief*** **A.M. Bakirbekova**, Can. of Economic Sciences (Kazakhstan)

*Editorial board*

| | |
|---|---|
| **Alibekova B.A.** | Can. of Economic Sciences (Kazakhstan) |
| **Baizholova R.A.** | Doctor of Economic Sciences, Prof. (Kazakhstan) |
| **Beisenova L.Z.** | Can. of Economic Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Kerimbek G.E.** | Can. of Economic Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Kemel M.** | Doctor of Economic Sciences, Prof. (Kazakhstan) |
| **Kirdasinova K.A.** | Can. of Economic Sciences, Assoc.Prof.(Kazakhstan) |
| **Kuchukova N.K.** | Doctor of Economic Sciences, Prof. (Kazakhstan) |
| **Madiyarova D.M.** | Doctor of Economic Sciences, Prof. (Kazakhstan) |
| **Maidyrova A.B.** | Doctor of Economic Sciences, Prof. (Kazakhstan) |
| **Mutaliyeva L.M.** | Can. of Economic Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan) |
| **Nikiforova E.V.** | Prof.(Russia) |
| **Sembieva L.M.** | Doctor of Economic Sciences , Prof. (Kazakhstan) |
| **Shalbolova U. Zh.** | Doctor of Economic Sciences , Prof. (Kazakhstan) |
| **Sidorovich A.V.** | Doctor of Economic Sciences , Prof. (Russia) |
| **Sung-Kyu Lee** | Prof. (South Korea) |
| **Syzdykbayeva B.U.** | Doctor of Economic Sciences , Prof. (Kazakhstan) |
| **Tolysbayev B.S.** | Doctor of Economic Sciences , Prof. (Kazakhstan) |
| **Urusbayeva N.A** | Doctor of Economic Sciences , Prof. (Kazakhstan) |
| **Yegemberdiyeva S.M.** | Doctor of Economic Sciences (Kazakhstan) |

Editorial address:2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_econom@enu.kz

*Responsible secretary, computer layout:*
D. Baytlessova,

**Economic Series of the bulletin of the L.N. Gumilyov ENU**
**Owner:** Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan
Registered by Ministry culture and information of Republic of Kazakhstan. Registration certificate No. 14171-Ж from 18.02.14
Periodicity: 4 times a year
Circulation: 15 copies
Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31432)

**© L.N.Gumilyov Eurasian National University**

*Главный редактор*
**С.Б. Макыш**
д.э.н., профессор (Казахстан)

***Зам. главного редактора*** **А.М. Бакирбекова**, к.э.н., доцент (Казахстан)

*Редакционная коллегия*

| | |
|---|---|
| **Алибекова Б.А.** | к.э.н. (Казахстан) |
| **Байжолова Р.А.** | проф., д.э.н.(Казахстан) |
| **Бейсенова Л.З.** | к.э.н., доцент (Казахстан) |
| **Егембердиева С.М.** | д.э.н. (Казахстан) |
| **Керимбек Г. Е.** | к.э.н., доцент (Казахстан) |
| **Кемел М.** | проф., д.э.н. (Казахстан) |
| **Кирдасинова К.А.** | к.э.н.,доцент (Казахстан) |
| **Кучукова Н.К.** | проф., д.э.н. (Казахстан) |
| **Мадиярова Д.М.** | проф., д.э.н. (Казахстан) |
| **Майдырова А.Б.** | проф., д.э.н. (Казахстан) |
| **Муталиева Л.М.** | к.э.н., доцент (Казахстан) |
| **Никифорова Е.В.** | проф.(Россия) |
| **Санг Кю Ли** | проф. (Юж. Корея) |
| **Сембиева Л.М.** | д.э.н., проф. (Казахстан) |
| **Сидорович А.В.** | д.э.н., проф. (Россия) |
| **Сыздыкбаева Б.У.** | д.э.н., проф. (Казахстан) |
| **Толысбаев Б.С.** | д.э.н., проф. (Казахстан) |
| **Урузбаева Н.А.** | д.э.н., проф. (Казахстан) |
| **Шалболова У.Ж.** | д.э.н., проф.(Казахстан) |

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_econom@enu.kz

*Ответственный секретарь, компьютерная верстка:*
Д. Байтлесова, Е. Изтелеуова, И. Курмангалиев

**Экономическая серия вестника ЕНУ имени Л.Н. Гумилева**
**Собственник:** РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством культуры и информации Республики Казахстан. Регистрационное свидетельство № 14171-Ж от 18.02.14 г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 15 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1,
тел.: (7172)709-500 (вн.31432)

**© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

## МАЗМҰНЫ


**Экономика**

***Амирбек А.,*** Маханов К. Қазақстанның экспортын қабылдаушы мемлекеттердің негізінде еліміздіңэкспорттыққүрделілікдеңгейініңөлшенуі.................................................................. 8

***Мырзахмет М.К., Ахмаева Л., Борисова В., Каби К.*** Қазақстан жекеменшік университетінің ғылыми, өндірістік және білім беру саласындағы орындау..................................................... 21

**Есеп және аудит**

***Карабаев Э.Б., Мукушев Т.Б.*** Мемлекеттік аудиттің халықаралық тәжірибесі........................ 32

**Туризм**

**Акимов Ж.М.** Халықаралық туризмнің қазіргі жағдайы......................................................... 38

**Подсухина О.В., Мусина К.П.** Қазіргі туристік салада қалалық туризмнің рөлі мен маңызы.................................................................................................................................... 44

**Финансы**

***Жусупова А.К., Мейрембаева Д., Бейсембаева А.*** Қазақстан бюджеттің кіріс және шығыс бөлігін қалыптастыру талдау.............................................................................................. 51

**Менеджмент**

***Бакатова Ж.Е.*** Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестер институты: қазіргі жағдайы мен даму болашағы............................................................................................... 60

**Казиев Б.Н. , Мартынов Л.М.** Алматы қаласының мысалында менеджменттің геоақпараттықжүйесінқолдану............................................................................................ 65

**Самиденов С.А., МартыновЛ.М.** Қазақстан Республикасында аэроғарыштық техниканы құру үшін инновациялық жобалардың орындылығын бағалау тәсілдері мен әдістерін жүйелеу.................................................................................................................................. 72

## CONTENTS


**Economy**

***Amirbek A., Makhanov K.*** Determinants of Export Sophistication for Kazakhstan: A Destination-Based Approach ........ 8

***Myrzakhmet M.K., Akhmaeva L., Borissova V., Kabi K.*** Interaction of science, production and education in kazakhstani private Universities ........ 21

**Accounting and Auditing**

***Karabayev E.B., Mukushev T.B.*** International experience of state audit implementation........ 32

**Tourism**

***Akimov Zh.M.*** Current state of international tourism........ 38

***Podsukhina O.V., Mussina K.P.*** The role and importance of city tourism in modern tourist industry ........ 44

**Finance**

***Zhussupova A.K., Meirembayeva D., Beisembayeva A.*** Analysis of the formation of incomes and expenditures of the republican budget of Kazakhstan........ 51

**Management**

***Bakatova Zh.*** The Public Council of The Republic of Kazakhstan: the present state and future prospects........ 60

***Kaziyev B.N., Martynov L.M.*** Application of the geoinformation system of management on the example of the city of Almaty........ 65

***Samidenov S.A., Martynov L.M.*** Systematization of approaches and methods for assessing the feasibility of innovative projects for the creation of aerospace engineering in the Republic of Kazakhstan........ 72

**СОДЕРЖАНИЕ**

**Экономика**

***Амирбек А., Маханов К.*** Определители уровня сложности экспорта Казахстана: на основе переменных стран-получательниц экспорта........................................................................ 8

***Мырзахмет М.К., Ахмаева Л., Борисова В., Каби К.*** Взаимодействие науки, производства и образования в частных университетах Казахстана............................................................. 21

**Учет и аудит**

***Карабаев Э.Б., Мукушев Т.Б.*** Международный опыт осуществления государственного аудита........................................................................................................................... 32

**Туризм**

***Акимов Ж.М.*** Текущее состояние международного туризма............................................... 38

***Подсухина О.В., Мусина К.П.*** Роль и значение городского туризма в современной туристской индустрии ......................................................................................................... 44

**Финансы**

***Жусупова А.К., Мейрембаева Д., Бейсембаева А.*** Анализ формирования доходной и расходной части республиканского бюджета Казахстана........................................................ 51

**Менеджмент**

***Бакатова Ж.Е.*** Институты общественных советов в Республике Казахстан: состояние и перспективы развития........................................................................................................ 60

***Казиев Б.Н., Мартынов Л.М.*** Применение геоинформационной системы менеджмента на примере города Алматы.................................................................................................... 65

***Самиденов С.А., Мартынов Л.М.*** Систематизация подходов и методов оценки реализуемости инновационных проектов по созданию аэрокосмической техники в Республике Казахстан........................................................................................................ 72

# ТУРИЗМ
# TOURISM



ХҒТАР 06.52.13

**Ж.М. Акимов**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

*(E-mail: akimov_zhm@enu.kz)*

## Халықаралық туризмнің қазіргі жағдайы

**Аннотация.** Қазіргі уақытта туризм әлемдік экономикадағы ең табысты және қарқынды дамып келе жатырған салалардың бірі болып саналады. Бұған дәлел туризм саласына әлемдік жалпы ұлттық табыс үлесінің шамамен 10% тиесілі екендігі. Әлемдегі ең табысты бизнестің бірі ретінде әрекет ететін туризм – елдің немесе аймақтың бюджетін қалыптастыруда маңызды көздерінің бірі болып табылады. Мақалада 2010-2017 жылдарға арналған туристік қызметтердің халықаралық нарықта даму үрдістері қарастырылды. Сонымен қатар халықаралық туризмнен түскен табыстарға және халықаралық туристік кеулерге ерекше көңіл бөлінді. 2017 жылы әлемдік туризм нарығының құрылымына талдау жасалып өзгерістер анықталды. Талдау барысында туризмнің қарқынды дамуы, ең алдымен, дамушы елдерде байқалады. Соңғы жылдары халықаралық туристік келу көлемінің үлкен бөлігі дамушы елдердің үлесіне тиесілі болып табылады.

**Түйін сөздер.** Туризм, халықаралық туризм, халықаралық туристік нарық, туристік келулер, туризм статистикасы, халықаралық туризм перспективалары, туристік өңірлер.

Халықаралық туризм қазіргі уақытта сыртқы экономикалық қызметтің қарқынды дамып келе жатқан секторларының бірі болып табылады. Туризмнің қарқынды дамуы тұтастай алғанда әлемдік экономикаға да, жекелеген елдер мен аймақтардың экономикаларына да оң әсерін тигізуде, сонымен қатар туризм саласы әлемдік экономиканың тұрақты және ұзақ мерзімді үрдістердің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін салалардың бірі болып табылады.

Туризм ұлттық экономиканың ауқымды және тәуелсіз саласына айналып келе жатқандығы анық. Бұл саланы дамыту барысында жергілікті халықтың негізгі қажеттіліктерін де қанағаттандыру қажет. Осы жергілікті халықтың көптеген қажеттіліктерін туристік кәсіпорындар ғана емес, сондай-ақ басқа салалардың кәсіпорындары да қанағаттандыруы тиіс. Бұл экономиканың дамуына мультипликативтік әсер ету факторларының бірі ретінде туризмнің маңыздылығын анықтайды. Туризм - әлемдік интеграциялық үдерістердің факторларының бірі болып табылады, ал туристік бизнес экономиканың маңызды секторына айналуда. Әлемдегі туризмнің дамуына ғылыми-техникалық прогрес, халықтың өмір сүру сапасының жақсаруы, бос уақыттың көбейуі, еңбек демалысы, экономикалық және саяси тұрақтылық және басқа да факторлар әсер етеді [1,17 бет]

Туризм индустриясы - әлемдік экономиканың қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі. Туризм саласы 2009 жылғы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың салдарынан кейін сегіз жыл қатарынан тұрақты өсуді көрсетуде. Бұндай тұрақты үздіксіз өсу ХХ ғасырдың 60. жылдарынан бері болмаған. Тұрақты өсу салдарынан 2017 жылы әлем бойынша саяхаттаған халықаралық туристтер саны 2008 жылғы қаржы-экономикалық дағдарыс алдындағы көрсеткіштермен салыстырғанда 400 миллионнан астам адамға өсті. 2017 жылы бүкіл әлем бойынша саяхаттаған туристер саны 1 миллиард 323 миллион адамға жетті. 2010 жылдан 2017 жылға дейін әлемдегі туристер саны, жыл сайын орташа 4% -дан астам өсу қарқынын көрсетті (1-суретті қараңыз).




Ескерту: Халықаралық туристік ұйымның ресми http://www2.unwto.org/ сайты негізінде автормен құрастырылған

Алдағы уақытта да туристер ағынының артатындығы болжанады, нәтижесінде туризм табысының өсуі байқалады. Бұл жалпы экономикалық көрсеткіштер мен халықаралық туризм индикаторларының жақсаруына әкеліп соғады, сонымен қатар пайыздық ставкалар мен инфляция деңгейін төмендетеді.

Дегенмен, жұмыссыздықтың өсуі, жаһандық экономикалық дағдарыс, салықтардың өсуі, туристік аймақтардағы саяси тұрақсыздық және тағы басқалар сияқты басты қауіптер халықаралық туризмнің даму динамикасының төмендеуіне әсер етуі мүмкін.

Туристік саланы халықаралық деңгейде дамытудың перспективалы бағыттары ретінде келесілерді көрсетуге болады:

▪ мәдени және танымдық туризм, туристік ағымдардың 10% -нан астамын құрайтын негізгі бағыттардың бірі ретінде;

▪ туризмнің белсенді және мамандандырылған түрлері, соның ішінде круиз;

▪ іскер туризмі [2, 228 бет].

Аталмыш бағыттармен қатар, халықаралық қатынастар жүйесіндегі туризмді дамытуда, тақырыптық іс-шаралар, жаппай ойын сауық іс-шараларын және бұқаралық іс-шаралар өткізуге ерекше көңіл бөлу қажет. Сондай ақ, туристерді ауыл туризміне көптеп тарту арқылы, қоршаған ортаны қорғау және тамашалауға бейімдеуді қалыптастыра отырып, жаңа жекелей және топтық туризм бағыттарын ұйымдастыру жолдарын қарастыру қажет.

Халықаралық туристік ұйымдар халықаралық туризм нарығының жай-күйін бақылап қана қоймай, сонымен қатар болашақта туризм саласының дамуына болжамдар да жасайды. Осы болжамдар негізінде ДТҰ және ЕО комиссиясы туристік саланы дамытудың негізгі үрдістерін атап көрсетті. Олар:

• аймақаралық қалааралық алыс сапарлардың үлесі артады (2020 жылға қарай ол 24,2% -ға дейін артады). Мұндай сапарлар болашақта қарқынды дамып бағасы да тез төмендеу үрдісі байқалады, әсіресе жаңа жоғары жылдамдықты ұшақ жаппай қолданысқа енгенде;

• сыртқы факторлардың туризмге әсері артады: экономикалық жағдай, саяси жағдай, саяхат қауіпсіздігі деңгейі;

• туризм дамуына айтарлықтай әсер етеді: компьютермен брондау жүйесі, технологиялық даму, әуе тасымалдарын жақсарту, электронды ақпарат, байланыс жүйелері;

• әуе көлігін пайдалану артады (тікелей және ыңғайлы рейстер саны артуына байланысты);

• саяхаттың барлық түрлеріне шығындар артады, ең алдымен көлік шығындары отбасылық бюджеттің басқа шығындарына қарағанда тезірек артады

(бүгінгі таңда туризм үшін орта тап отбасыларының бюджетінен 8-12% бөлінеді, бұл азық-түлік, киім-кешек, жиһазға бөлінетін бюджеттен көп, алайда тұрғын үй шығындарынан төмен). Саяхаттар жиірек болады, бірақ қысқа мерзімді болады. Жалпы алғанда саяхаттардың бағасы сапалы демалыстардың сұранысқа ие болуына байланысты артады.

• Туризм индустриясы үшін нарық жағдайындағы маусымдық өзгерістер жақын арада проблема болудан қалады, өйткені маркетингтік қадамдар арқылы оларды жыл бойы пайдалануға ынталандырады;

• Екі жас топтары басқаларға қарағанда белсенді саяхаттайтын болады: зейнеткерлер мен жастар;

• Қоршаған ортаның жағдайы туристерді тартудың басым факторларының бірі болады, әсіресе ауылдық және жағалаудағы аудандарда;

• Туризмнің мәдени көрікті жерлерге бару және белсенді демалыс түрлеріне сұраныстың өсуі жалғасады: [3, 93 бет].

Халықаралық туризм нарығын зерттеу үшін оның жай-күйін, проблемаларын, даму перспективаларын және туристік ағынның бағыттарын талдау қажет. Халықаралық туристік ағынның біркелкі болмайтындығы анық. Осы орайда әлемдік туризм бағыттарын Дүниежүзілік туристік ұйымы бес макро туристтік аймаққа бөлгендігін көреміз. Олар: Еуропа, Америка, Азия-Тынық мұхиты, Африка және Оңтүстік-Азия, Таяу Шығыс. Олардың жағдайы кіретін елдер мен аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне байланысты.

Еуропа аймағына – Батыс, Солтүстік, Оңтүстік, Орталық және Шығыс Еуропа елдерімен қатар бұрынғы Кеңес одағының мемлекеттері, Израиль, Кипр және Түркия мемлекеттері жатады. Америка аймағына – Солтүстік, Оңтүстік, Орталық Америкамен қатар Кариб бассейні аумағындағы арал мемлекеттері межатады. Азия-Тынық мұхиты аймағына – Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, **Аустралия және Мұхиттық аралдары елдері жатады.** Африка және Оңтүстік-Азия аймағына – Африка елдері (Египет пен Ливияны қоспағанда) және Оңтүстік Азия елдері жатады. Таяу Шығыс макрорегионына – Батыс және Оңтүстік-Батыс Азиямемлекеттерімен қоса Египет және Ливия мемлекеттері жатады [4, 460 *бет*].

1 кесте

Әлемдік аймақтар бойынша халықаралық туристік келулер **2010-2017 жж.**

| Аймақтар | Халықаралық туристік келулер (млн. адам) | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2010 ж. | 2011 ж. | 2012 ж. | 2013 ж. | 2014 ж. | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. |
| Әлем бойынша барлығы | 935 | 980 | 1035 | 1129 | 1138 | 1183 | 1235 | 1323 |
| Еуропа | 527,3 | 502,3 | 534,8 | 563 | 588 | 609 | 620 | 671 |
| Азия және тынық мұхит аймағы | 195,2 | 217,1 | 232,9 | 248 | 263 | 277 | 303 | 324 |
| Америка аймағы | 190,4 | 156 | 162,1 | 169 | 181 | 191 | 201 | 207 |
| Африка және Оңтүстік-Азия | 47 | 50 | 52,3 | 56 | 56 | 52 | 58 | 63 |
| Таяу шығыс | 35,9 | 54,8 | 52,6 | 52 | 50 | 53 | 54 | 58 |

*Ескерту: Халықаралық туристік ұйымның ресми http://www2.unwto.org/ сайты негізінде автормен құрастырылған*

Халықаралық туристік келулер саны бойынша Еуропа аймағы бірінші орынға ие, ол жалпы әлем бойынша туристтер санының жартысына жуығын құрайды; екінші орында Азия және тынық мұхит аймағы, үшінші орында Америка туристік аймағы. Ал Африка және Оңтүстік-Азия мен Таяу шығыс аймақтарында динамика тұрақсыз болғанмен, соңғы жылдары оң динамикаға ие болуда.

Өткен жылмен салыстырғанда, 2017 жылы туристік трафиктің өсуі көшбасшысы Африка және Оңтүстік-Азия аймағы болды. Бұл аймақта туристер саны 9% өсті.

Еуропа аймағында туристтердің келу индикаторы 8% артты. Бұл аймақта былтырғы даму көрсеткіші тек 2% арту байқалған еді.

Азия және тынық мұхит аймағына туисттер ағыны 6% артты.

Таяу Шығыс елдеріне деген туристтердің сұранысы өткен жылмен салыстырғанда 4% артты.

Америка аймағындағы елдерге туристтердің сұранысы әртүрлі нәтижелерді көрсетті - кейбір елдерге сұраныс өсті, кейбір елдерге сұраныс төмендеді, тұтастай алғанда туристер ағымы бұл аймақта 3% -ға өсті.

Халықаралық туризм - әлемдік экономиканың маңызды саласы болып саналады. Бұл индустрияның әлемдік ЖІӨ-ге қосқан үлесі шамамен 11% -ды құрайды. Сонымен қатар бұл саланың үлесіне жалпы жұмыс күшінің 10%-ы, инвестициялардың 11%-ы және салық түсімдерінің шамамен 11% -ы тиесілі. Халықаралық туризмнен түсетін табыс көлемінің ең жоғарғы көрсеткіші 2014 жылы болды (1,3 трлн. АҚШ долларынан асты). Бұл көрсеткіш 2017 жылы қайталанып отыр ( 2-суретті қараңыз).

**Сурет 2. Халықаралық туризмнен түскен табыс 2010-2017 жж. (трлн. АҚШ долл. )**




*Ескерту: Халықаралық туристік ұйымның ресми* http://www2.unwto.org/ *сайты негізінде автормен құрастырылған*

Халықаралық туризм жылдан жылға халықаралық сауданың маңызды құрамына айналып келеді. Бұған халықаралық туризмнен жыл сайын түсетін табыс дәлел бола алады. Шикізат бағасының төмендеуі жағдайында, халықаралық туризмнен түскен табыс 2014 жылы айтарлықтай өсті. Келесі жылдарда саяхатқа шыққан туристердің өсуіне қарамастан, туризмнен түскен пайда төмендеді. Бұған бірнеше себептер бар. Олар:

- Халықтың жұмысбасты болып бос уақытының аздығына байланысты қысқа мерзімді турлар танымалдылыққа ие болып отыр.
- Кейбір елдердің ұлттық валюталарының АҚШ долларына шаққанда девальвацияға ұшырауы.
- Туризм саласында бәсекелестіктің артуына байланысты туристік өнімнің бағасының арзандауы.
- Туризм орталықтарының туристтің тұрғылықты жеріне жақын орналасуы.

Қазіргі заманда туризм әлемнің әр елінде әртүрлі даму сатысында. Негізінен туристер жоғары дамыған мемлекеттерден саяхатқа шығуда. Бұндай елдерді – туристтермен қамтамасыз етуші елдер

немесе донор мемлекеттер деп атайды. Бұл топтағы мемлекеттерге Батыс, Шығыс және Солтүстік Еуропа мемлекеттері, Солтүстік Америка мемлекеттері, Парсы шынағы мемлекеттері және Жапония жатады. Соңғы жылдарда бұл елдер қатарына жаңа индустриалды дамыған мемлекеттер Корея Республикасын, Сингапурді және т.б. мемлекеттерді жатқызуға болады [5, 32 бет]. Оңтүстік жағалауда жаңа жағажайларды ашу арқылы және солтүстікте мәдени-ойын-сауық саяхаттарын жетілдірудің арқасында Тайланд әлемде туризм индустриясының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Ішкі және халықаралық туризмнің дамуында дамыған және дамушы мемлекеттердің үлесі жоғары. Дамушы мемлекеттер туристік қызметтерді экспорттауды жылдам ұлғайтты, бұл олардың дамыған мемлекеттерге жақындауына септігін тигізді. Дамушы мемлекеттердің үлесіне әлемдік туризмнің 45 % тиесілі. Ал, әлемдік туризм экспортының 2% -ын қамтамасыз ететін өтпелі экономикасы бар елдер, әлемдік экономиканың туристік сегментін дамытуға елулі әсерін тигізбейді. Аталмыш нәтижелер Дүниежүзілік туризм ұйымының статистикалық деректерін талдау арқылы алынды. Сонымен қатар деректерді талдау нәтижесінде мемлекеттердің рейтингтері және туризмнен түскен табысы анықталады.

Осылайша, 2017 жылғы мәліметтер бойынша туристерді қабылдаудың негізгі орталықтары дамыған елдер болып табылады. Олардың ішінде Франция (88,9 млн адам), Испания (82,2 млн адам), АҚШ (72,9 млн адам), Италия (57,8 млн адам), Ұлыбритания және Германия. 2017 жылы Испания корольдігіне келген туристер саны 2016 жылмен салыстырғанда 9% өсті, ал Дүниежүзілік туризм ұйымының статистикалық деректері бойынша 2017 жылы АҚШқа туристер ағыны 4% төмендеді. Бұл АҚШ президенті Дональд Трамптың жүргізген саясатына байланысты болып отыр.

Дамушы елдер қатарында рейтингте жоғары орынды Қытай (59,3 миллион турист), Түркия (39,9 миллион турист) және Мексика мен Таиланд алады. 2016 жылмен салыстырғанда Түркия 2017 жылы рейтингтегі орнын айтарлықтай жақсартты. Ол рейтингте 10 шы орынан 6-шы орынға көтерілді.

2017 жылы кейбір елдерде туристер ағыны қысқарды, олар Оңтүстік Корея мен Ресей болды. Оңтүстік Корея 2017 жылы бір жыл бұрынғы туристтердің санымен салыстырғанда 23,9% -ын жоғалтса, Ресей - 8,4% туристтерінен айырылды.

Аталмыш елдердің жетекші позицияда болуына бірқатар факторлар әсер етеді:

- географиялық жағдайының жақсылығы және туристік маусымның ұзақтығын анықтайтын табиғи-климаттық жағдайлардың артықшылығы;
- мәдени және тарихи мұралардың кеңдігін анықтайтын тарихи және сәулет өнері ескерткіштерінің болуы;
- қызмет көрсетудің жоғары сапасы;
- жергілікті халық пен шағын бизнес өкілдерінің туристтермен өзара қарым қатынасы, шет тілдерін білуі және туристік мүмкіндіктерді оңтайлы жарнамалай білуі;
- Туризм саласындағы іс шараларды мемлекет тарапынан қолдау арқылы жүзеге асыру [6, 64 *бет*].

Кейбір мемлекеттер мен аймақтардағы проблемаларға қарамастан соңғы 8 жылда әлемдік туризм орташа есеппен алғанда жыл сайын 4% дан астам көрсеткішке өсу үстінде. 2017 жылы әлемде туристтер ағыны 1,323 млн. адамға жетті. Ал, 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 7% өсті. 2017 жылы туризмнен түскен табыс көлемі 1,3 млрд. АҚШ долларынан асты. Туризмнің қарқынды дамуы негізінен дамушы елдерде жақсы байқалады. Халықаралық туристік келулердің басым бөлігі дамушы елдердің үлесіне тиесілі. Дүниежүзілік туризм ұйымының 2020 жылға дейін туризм индустриясы жыл сайынғы 4,1% көрсеткішімен өсетіндігін болжауда. Ал, алдымыздағы 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 5% өсіп, туристтер саны — 1,388 млрд адамға жететінін болжауда.

**Әдебиеттер тізімі**

1. Кузик С.П. География туризма: учебное пособие/ С.П. Кузик. – Киев:Знания. – 2011. -17 с.
2. Богомазова И.В. Формирование и развитие сферы туризма в регионе в современных условиях (на примере Белгородской области). -Белгород: Издательский дом «Белгород», 2013. - 228 с.
3. Вавилова Е.В. Основы международного туризма: учебное пособие / Е.В. Вавилова.–Moscow, Гардарики, 2005. – 93 с.

4. Александрова А.Ю. Международный туризм: учебник/А.Ю. Александрова. -М.: Кнорус, 2016. -460 с.
5. Чудновский А.Д. Управление индустрией туризма: учебное пособие / А.Д. Чудновский, М.А. Жукова, В.С. Сенин. – М. – 2-е изд. 2005. – 32 с.
6. Бельских И.Е. Территориальные стратегии имиджа туристского бизнеса в мировой экономике // Региональная экономика: теория и практика. -2009. -№ 8. - С. 62-67.

**Ж.М. Акимов**
*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан*

**Текущее состояние международного туризма**

**Аннотация.** В современном мире туризм рассматривается как одна из наиболее доходных и интенсивно развивающихся отраслей мирового хозяйства. Об этом свидетельствует приходящаяся на него доля мирового валового национального дохода (порядка 10%). Выступая в качестве одного из самых прибыльных видов бизнеса в мире, туризм является одним из важнейших источников формирования бюджета. В статье рассмотрены тенденции развития международного рынка туристических услуг за период 2010-2017 гг. Особое внимание уделено доходам от международного туризма и международным туристическим прибытиям. Представлен анализ изменений структуры мирового туристского рынка, сложившейся в 2017 году. Значительное развитие в сфере туризма наблюдается, прежде всего, в развивающихся странах. Их доля в объёме международных туристических прибытий составляет большую часть.
**Ключевые слова.** Туризм, международный туризм, международный туристический рынок, туристические прибытия, статистика туризма, перспективы международного туризма, туристские регионы.

**Zh.M. Akimov**
*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

**Current state of international tourism**

**Abstract.** Within the context of the everyday world, tourism is regarded as one of the most lucrative and intensively developing branches of the world economy. This is evidenced by the share of world gross national income that comesfrom it (about 10%). Acting in capacity of one of the most profitable businesses in the world, tourism is one of the most significant sources of budget formation. The tendencies ofthe international market development of tourist services for the period from 2010 to 2017 are consideredin the article. Particular attention is paid to income from international tourism and international tourist arrivals. The analysis of changes in the structure of the world tourist market, prevailed in 2017, is presented. Significant development in the tourism sector is observed, first of all, in developing countries. Their share in the volume of international tourist arrivals is very large.
**Keywords.** Tourism, international tourism, international tourist market, tourist arrivals, tourism statistics, prospects for international tourism, tourist regions.

**References**

1. Kuzik S.P. Geografiya turizma: uchebnoye posobiye [Geography of Tourism: a tutorial], (Znannya, Kiev 2011). [in Ukrainian].
2. Bogomazova I.V. Formirovaniye i razvitiye sfery turizma v regione v sovremennykh usloviyakh (na primere Belgorodskoy oblasti) [Formation and development of tourism in the region in modern conditions (on the example of the Belgorod region)] (Publishing house “Belgorod”, Belgorod, 2013, 228 p.).
3. Vavilova Ye.V. Osnovy mezhdunarodnogo turizma: uchebnoye posobiye [The fundamentals of international tourism: a tutorial] (Moscow, 2005, 93 p.).
4. Aleksandrova A.YU. Mezhdunarodnyy turizm: uchebnik [International tourism: a textbook] (Knorus, Moscow, 2016).
5. Chudnovskiy A.D., Zhukova M.A., Senin V.S. Upravleniye industriyey turizma: uchebnoye posobiye [Management of the tourism industry: a tutorial] (Moscow, 2005, 32 p.).
6. Bel’skikh, I.Ye. Territorial’nyye strategii imidzha turistskogo biznesa v mirovoy ekonomike [Territorial strategies of the image of the tourist business in the world economy], Regional’naya ekonomika : teoriya i praktika. [Regional economy: theory and practice], (8), 62-67(2009).

**Автор жөнінде мәлімет:**
Акимов Ж.М. – «Туризм» кафедрасының докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.
Akimov Zh.M. – doctoral student of the department «Tourism», L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.